КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 2 ақпан № 4360-24-00-2/17 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Машбек Нәлібаев ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ЖОМАРТ-70» дара кәсіпкері атынан әрекет етуші Жомарт Зайдинович Шакиев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-3, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Машбек Нәлібаев ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «ЖОМАРТ-70» дара кәсіпкері атынан әрекет етуші Жомарт Зайдинович Шакиевке мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ЖОМАРТ-70» дара кәсіпкері атынан әрекет етуші Жомарт Зайдинович Шакиев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «ЖОМАРТ-70» дара кәсіпкері атынан әрекет етуші Жомарт Зайдинович Шакиевтен мемлекет кірісіне 4 500 (төрт мың бес

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жүз) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 860 (бір мың сегіз жүз алпыс) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 05.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.03.2024, судья Әбілқайысқызы А., 20.03.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ - Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -

4360-23-3-1/3632